


ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Аффективті экономика





Мақсаты: Сара Ахмедтің «Аффективті экономика» эссесімен таныстыру, эсседегі «үрей экономикасы» және оның қызметтері ұғымдарын қарастыру.

Тірек сөздер: аффект, үрей, жеккөрушілік, тән, пана.

Сіздермен американ ғалымдары Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясының мазмұнын шолуды одар әрі жалғастырамыз. Бұл дәрісте антологиядағы постмодернистік сын аясында берілген сыншы Сара Ахмедтің «Аффективті экономика» атты эссесімен танысамыз.

Сара Ахмед Голдсмит колледжінде «Гендер, БАҚ және мәдениет» пәнінен дәріс оқиды. Ол – «Эмоциялардың мәдени саясаты» (2014), «Алып тастау» (2012), «Махаббат анты» (2010) сынды т.б. бірқатар еңбектердің авторы.

Автордың бұл зерттеу эссесі бізді пәнаралық байланысқа жетелейді. Ол өз тұжырымдарын экономика мен психология ғылымының тоғысында, яғни экономикалық жағдаяттар мен психоанализдің әдіснамасын біріктіре отырып жасайды. Ал материал ретінде көркем туындыларды емес, негізінен қоғамның мәдени контексті, адамдардың қарым-қатынасы, ұлттық, трансұлттық пайымдар мен танымдар алынған. Сол арқылы зерттеуші қоғамдық құбылыстар мен экономикалық үдерістердің себебін психоанализдің талдаулардың нәтижесінен іздейді.

Жалпы психоанализды субъектілер теориясы ретінде қарастырып келдік, автор осы зерттеуінде эмоциялар теориясын экономиканың баламасы ретінде, сезімдерді ірі қаржылық қор ретінде қарастыруды ұсынады. Себебі эмоциялар қоғамдық, әлеуметтік, психологиялық орталарда өмір сүреді. Оларға көп нәрсе байланысты. Бұл туралы таяуда Давоста өткен жаһандық экономика туралы ірі жиналыста да сөз болды. Онда қоғамда соңғы кездері белең алып отырған үрей мен қорқыныштың адамдардың тұрмыстық өміріне әсері басты тақырып болды. Демек, әлемдік қорқыныш әлемдік экономикаға да тікелей әсер етуде деген сөз. Сара Ахмед те бұл мәселеге арнайы тоқталады.

Өзінің эссесін Сара Ахмед төмендегідей үзіндімен бастайды. Оны 2001 жылы жарияланған арий халықтарының веб-сайтынан алған: «Махаббаттың тамыры – өте тереңде, жүректің ең түкпірінде және ақ нәсілді адамның рухында орналасқан. Онымен күресе алатын «жеккөрушілік» формасы жоқ. Бұл жеккөрушілік – ақ нәсілді, бірақ бет-жүзі мұңға, жүрегі жиіркенішке толы адамның бір-екі аралас нәсілділерге деген жеккөрушілігі емес. Бұл жеккөрушілік – ақ нәсілді үй бикесінің күнделікті бір газеттегі жемқор соттың үкімімен бірнеше жылға сотталған немесе мерзімінен бұрын түрмеден босатылған жасөспірімдер немесе зорлықшылар туралы мақаланы оқып болып, жиіркенішпен оны лақтырып жіберуі емес. Бұл жеккөрушілік – ақ нәсілді жұмысшы кісінің шетелдік азаматтар толған кеме біздің ауылдың жағалауына тұрақтап, ақ нәсілділерге арналған жұмысқа бәсекелестік жасауына деген жиіркенішті сезімі емес. Бұл жеккөрушілік – ақ нәсілді христиан фермердің шетелдіктерге «көмек» ретінде қарызға берілген немесе тіпті жомарттықпен бере салған миллиардтары жайлы оқып, зиянға ұшыраған кішкентай ғана фермасын құтқарып қалу үшін, тым болмағанда сол ақшаның ең аз бөлігін алуға өзінің тең құқылы екенін іштей түйсінген, қатыгез үкіметке деген жеккөрушілігі емес. Бұл – махаббат» (www.uiowa.edu/~policult/politick/smithson/an.htm).

Осы типті мәтіндер Сара Ахмедтің субъектілерді басқа субъектілермен үйлестіру барысында эмоциялар қалай жұмыс жасайтыны туралы ізденісіне түрткі болған екен. Эмоциялар объектілер арасында қалай алмасып отырады? Бұл туралы Сара Ахмедтің эссесінде былай делінген: эмоциялар жеке тұлғалар мен ұжымдық субъектілердің қасиеттерін субъектілер мен символдар арасындағы эмоцияларды айналдыру арқылы көрсетуде маңызды рөл атқарады. Автордың бұл тезисі «эмоцияны – жеке тұлғаның әрекеті, ол тек индивидке қатысты, әу бастан-ақ тұлғаның ішінде өмір сүреді, тек басқа адамдармен қарым-қатынасқа түскенде ғана сыртқа шығады» деген кез келген тұжырымдамаға қарсы тегеурін бола алды. Эмоциялар – адамның ішінде немесе сыртында болып қоймай, субъектілер мен әлемдердің үстіңгі бетінде немесе шегарасында болады деген түсінік те қалыптасқан.

Арий халықтарының веб-сайтынан алынған жоғарыдағы мәтінде эмоцияның, әсіресе жеккөрушілік пен махаббат жекелеген субъектілер мен ұлттарды бір-бірінен ажыратуда маңызды рөл атқаратыны айтылып тұр. Мұндағы субъект (ақ нәсілді ұлт, орта статистикалық



еркек немесе ақ нәсілді үй бикесі, ақ нәсілді еңбекші немесе ақ нәсілді христиан фермер) басқа субъектінің қарым-қатынасы кесірінен өзінің құндылығынан (жұмыс орны, қауіпсіздігі, байлық) айрылып қалу қаупінде тұрған адам ретінде суреттеледі. Басқаша айтқанда, басқалар – махаббат объектісіне қауіп төндіреді. Баяндау – ақ нәсілді субъект «осы жерлерді құрғандығы» туралы тарихты қайта әңгімелеп беру. Ақ нәсілді субъектілер қожайын болуға талаптануда. Сондай-ақ олар «қатыгез үкіметтен» жапа шеккендер ретінде суреттеледі. Осылайша ұлтқа деген махаббат ақ нәсілді арийліктерді өздеріне ұқсамайтындарға жеккөрушілікпен қарауға, оларды ұлттың бірлігін бұзып, арийлердің болашақ тарихтағы орны мен маңызын алып қоюды мақсат еткендер деп қабылдауға бірден-бір негіз болды.

Одан ары С. Ахмед «өзгелерді» (басқаларды) жеккөру – субъектіні – құқықпен, ал ұлтты – жермен байланыстыратынын айтады. Бұндай байланыс қауіптің әрі субъектінің құқығына, әрі ұлттың территориясына төнетінін дәлелдеп тұр.

Орта статистикалық ақ нәсілді адам «көре алмаушылық пен жиіркенішті»; ақ нәсілді үй бикесі – «жиіркеніш пен ашуды»; ақ нәсілді еңбекші – «қарғыстар» айтады; ақ нәсілді христиан фермер – «ызаны» сезініп отыр. Сезім – қиялдан туған «басқаларға» деген негативті қарым-қатынас. Сонымен қатар, сезім – ақ нәсілділерге деген махаббат. Біз жеккөреміз және осы жеккөрушілік сезімі бізді біріктіріп тұр.

Веб сайттан алынған мәтін, Сара Ахмедтің айтуынша, – әдеттегіден тыс, яғни өзгеше сипатта емес. Шын мәнінде, мәтінде айтылғандар – күнделікті естіп жүрген жайттар. Әдеттегі ақ нәсілді субъект – жеккөрушілікті жан-жақты ету салдарынан туындаған, махаббатпен тығыз байланысты қиял. Жеккөрушілік эмоциясы әдеттегі тақырыпты жандандырып, қиялды шындыққа айналдырады.

Әдеттегі қарапайым өмірге қиялдан туған «басқалар» тарапынан қауіп төніп тұр. Кәдімгі немесе қалыпты субъект – жапа шеккен тарап немесе «басқалардың» күштеп келуінің салдарынан зиян шеккен адам ретінде қабылданады. Сөйтіп, «басқалардың» тәні дерт дискурсы арқылы «жеккөретіндерге» айналды. «Басқалар» ақ нәсілділерге жақындаса болды, оларға зиян келтіреді деп қорыққан: шын мәнінде ақ нәсілді адамның жақсы сезімдерді (махаббат, қамқорлық, адалдық) оған қиянат етуге талпынған «басқалар» тартып алуы мүмкін.

Сонымен, жоғарыдағы мәтінге сүйенсек, зиян келтірген кімді жек көру керек? Жеккөрушілік әртүрлі адамдар арасында таралады (біздің жағдайда, аралас нәсіл, азғын жасөспірімдер, зорлықшылар, басқа елдерден келгендер және шетелдіктер). Бұл адамдар тобы – қауіп символы: жұмыс орнынан айрылу, ақшадан айрылу, жерден айрылу. Олар – ластық символы. Олар таза тәндерді бұзуға қауіп төндіреді. Сара Ахмед осындай метонимиялық байыпты алмасу көмегімен орындалатын жұмыстарға назар аударады: аралас нәсілдер мен иммиграция – зорлау немесе аздыру формалары: ұлттың тәніне күштеп ену. Адамдар арасындағы алмасу олардың арасында ұқсастық тудырады: оларды бір-біріне ұқсататын нәрсе олардың «ұқсатпайтын» белгі болуы мүмкін. Баяндауда жеккөрушілік белгілі бір нақты адам бойынан табылмайды, бірақ әртүрлі адамдар немесе объектілерді біріктіру үшін қолданылады. Айта кететін жайт – жеккөрушілік белгілі бір субъект немесе объектіде ғана болмайды. Жеккөрушілікке үнемділік сипат тән: ол әртүрлілік пен алмасу белгілері арасында айналып жүреді, – осындай қорытындымен Сара Ахмед жоғарыдағы мәтінге талдау жасайды.

Аффективті экономикада эмоциялар белгілі бір оқиғаны немесе жағдаятты құрып, адамдарды белгілі бір қауымдастыққа біріктіреді. Эмоцияларды психологиялық диспозициялар ретінде көрудің орнына, Сара Ахмед, эмоциялардың жұмыс жасау тәсілдерін қарастыруды ұсынады.

Өзінің эссесінде автор эмоциялар қалай туындайтынын, адамдарды қалай біріктіретінін сөз етеді. Сара Ахмед эмоцияларының экономикалық үлгісі – эмоциялар белгілі бір субъект немесе адам бойында болмайтынын айтпайды, алайда субъектілерді біріктіреді.

Жеккөрушілік экономикасы

Біз күн сайын эмоцияларымызды білдіріп отырамыз. Сондықтан кез келген адам «менің сезімім» бар деп айта алады немесе мен белгілі бір фильмді «көңілсіз» деп бағалай аламын.



Сонда эмоциялар біреудің жекеменшігіне айналады; яғни субъектіге немесе объектіге тән болады. Менің эмоцияларым бар немесе бір адам не бір зат өзімді солай сезінуге мәжбүрлейді деген идеяға қарсы шыққым келеді. Мені қызықтыратыны – эмоциялар субъектілер мен объектілерді қалай байлап алатыны. Шын мәнінде, эмоциялар реакцияның белгілі бір тарихқа деген реакциясының формасы болып көрінуі мүмкін. Бұл тәсіл психоталдаудан алынғаны айқын. Зигмунд Фрейд (1) өзінің эссесінде санасыз эмоциялар ұғымын ендіріп, аффективті импульс қабылданғанмен, қате қабылданатынын, басқа идеяға қате телінетінін жазады. Санадан күштеп шығарылатын нәрсе – сезім емес, идея. Психоталдау бізге эмоционалдылық қозғалыспен немесе ассоциациялармен байланысты екенін көрсетеді. Сара Ахмед эмоциялардың толқын тәрізді әсерін ерекше атайды; олар не жанына қарай, не артқа қарай қозғалады. Автор веб сайттан цитаталарды келтіре отырып, жеккөрушілік адамдар арасында артқа-алға қалай қозғалатынын көрсетуге тырысады.

С. Ахмедтің жеккөрушілікті – аффективті экономика деп бағалауы – эмоциялар ешкімнің, не ештеңенің бойында жинақталмайтынын, демек субъект – экономикадағы тар пункт екенін білдірді. Бұл аса маңызды жайт, себебі эмоциялардың ары-бері немесе алға-артқа қарай қозғалысы, мәселен жеккөрушілік субъектінің бойында жинақталмайтынын дәлелдейді. Санасыздық – субъектінің санасыздығы дегенді білдірмейді. Осыны ескере отырып, аффективті экономика – әлеуметтік және материалды ретінде сипатталады. Басқаша айтқанда, аффективті құндылық – тәндер мен әлемдердің үстіңгі бетін қалыптастырады. Сондықтан аффект белгілерінің айналымы – ұжымдық тәндерді, мәселен «ұлт тәнін» материализациялайды.

Сонымен, жеккөрушілік әртүрлі адамдар арасында өрбитінін байқадық. Алайда эмоциялардың «сырғанақ» жұмысы экстремистік дискурстар мен ұлтты өндірудің «қалыпты» жұмысы арасындағы туынды оппозицияны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысал ретінде біз Британ консервативті партиясының көшбасшысы Уильям Хейгтің пана іздеген тұлғалар туралы сөзін келтіруге болады. 2000 жылдың сәуірі мен маусымы арасында У. Хейгтің сөзіне «телуге» болатын басқа да сөздер кездескен. Алайда олар тек қайталаулар болатын: пана мен бақылаудан айрылу туралы ассоциацияны қалыптастыратын су тасқыны, үйінді, балшық, ағын сулар секілді сөздер жиі қолданылды; сөздер үрей мен уайымды жан-жақты ету үшін пайдаланылды. Бұл сөздерді күні кеше ғана Британ ішкі істер министрі Дэвид Бланкет қайталап, «үйінді» сөзін – пана іздегендердің балалары жергілікті мектептерде білім алатын болса, басына түсетін нәтижені көрсету үшін пайдаланды. Оған қарсы сын айтылғанда, ол «үйінді» сөзін «асыра тиелген» сөзімен алмастырып тастады. Бұның себебі – «асыра тиелген» сөзі «үйінді» сөзінен экспрессивтілік мәні төмендеу. Мұнда сөздер нәтижені шығарады: олар пана іздегендерді ұлттың кеңістігіне күштеп еніп, оларға қауіп төндірушілер ретінде қабылдайды. Әдетте, Уильям Хейг пана іздегендердің ішінде өтініштері қабыл болғандар мен қабыл болмағандар арасын бөліп-жарады. Бұл жерде ол ұлттың субъектілерге деген жомарттығын көрсетуді мақсат етіп тұр. Ұлт – қонақжай, себебі «басқаларға» өзіндік ерекшелігін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Ал пананы өтірік сұраушылар – жеккөрушілік белгісі болып саналады. Сонда пананы шын мәнінде сұраушылар мен өтірік панаға мұқтаждар арасын қалай ажыратып алуға болады? Осы дискурсқа сүйенсек, олардың арасындағы айырманы ажыратып, өзіміздің қоғамға қалай қоса аламыз?

Шынтуайтына келгенде, олардың арасын ажырата алмауымыз – пана іздеген субъектілердің кез келгенін өтірікшілер деп күдіктіге негіз болады. Олар келгенге дейін ұлттық тәнге ешқандай зиян келмеген еді. Сара Ахмед мынадай сұрақ қояды: пананы – зиянның көзі ретінде беру жеккөрген адамдар арасындағы жақындық арқылы қалай көрінеді? Өтірік пана сұраушылар біздің қиялымызда «қорқынышты қарауыл» бейнесін елестетеді. «Қорқынышты қарауыл» кім көрінген болуы мүмкін, қайда болса да жүруі мүмкін. Пананы өтірік іздеушілердің нақты тәндерден айырмасы болады: кез келген келуші «тәндер» – өтірікшілер болуы мүмкін, оларды елге кіргізу – ұлтқа қауіп төндіруі мүмкін.

Уильям Хейгтің бұл сөздері көпшілікке соншалықты әсер етті. Тіпті біршама уақыт өткеннен кейін де, он алты жасар ұры жасөспірімді өлтіргені үшін өлім жазасына кесілген Тони Мартин туралы мәселе туындағанда, Хейгтің сөздерінің маңызы арта түсті. Хейг «заң тоналушылар емес, керісінше қылмыскерлердің құқықтарын қорғауға барынша атсалысады» – деп айыптайды.



Мартинді бұл жерде қылмыскер етіп емес, жапа шегуші деп көрсетуге тырысады. Өлген бала – қылмыскерге айналды: өлтіруге себеп болғаны үшін. «Қылмыскер – жапа шегуші» рөлінің алмасуы – біреудің мүлкін күшпен иемденуді заңсыз екенін, өлтіргендердің құқығын қорғау белгісі болып көрінеді. Сонда пана іздеушінің бейнесі – тонаушы немесе ұрлықшы бейнесімен сәйкестендіріліп отыр. Екі қылмысты біріктірудің салдары: пана іздеушілер ұлттың «мүлкін» ұрлаушылар деп қабылдауға түрткі болды. Қылмыскердің тәні – ұлттың тәні болып саналды. Адамдардың бейнесін араластыру мынадай мәселенің бетін ашты: ұлттық субъект басқалардың «күштеп келуінен» қорғау керек. Бейнелердің қозғалысының айналымы – «олар» мен «біз» арасындағы айырманы ажыратып көрсетті: «олар» – «біздің» жеккөруіміздің туындауына негіз немесе себеп болғандар.

Жеккөрушілік эмоциясы – тәнде, объект немесе субъектіде орналасқандарды бекітуге болмайтын сезімдер. Эмоциялар осылай жұмыс жасайды: жеккөрушілік басқа тәндерден тұратын әлемде туындайды. Басқаша айтқанда, эмоциялардың тәнде, объект немесе субъектіде орналаса алмау қабілеті – эмоцияларға әсерлерді сыртқа шығаруға немесе генерациялауға септігін тигізеді.

Үрей, тән және объектілер

Сара Ахмед өзінің эмоция үлгісін – аффективті экономика ретінде суреттейді. Үрей – объектіге тән эмоция, сондықтан экономикалық тұрғыдан жұмыс жасай алмайды. Шындығында, үрей уайымға қарсы қойылады, себебі үрей – объект болып табылады. Стэнли Рахмен «уайымды – қауіп төндірушінің алдын ала болжамы» деп сипаттайды.

Сара Ахмед Стэнлидің ұсынған үлгісіне қарсылық білдіріп, үрейді объектінің жанынан өтіп кететін сезім деп сипаттайды. Пана іздеушілер үрей тудырып отырады. Хайдеггер үрей объект болудан қалғанда, күшейе түсетінін айтады. Ол: «Соққы бізге жақындамай, алыста болса, бізге қауіп төндірмейді... Алайда жақындаған сайын ол күшейе түседі. Біз сол кезде: «Қорқыныштысын-ай» – дейміз (5).

Хайдеггер үрейді бүгінгі таңда орын алмаған, қазір және осы жерде жоқ сезіммен байланысты қарайды. Үрей жақындаған нәрседен туындайды. Егер қауіп осында болса, ол үрейді тудырмайды, уайым тудырады. Егер үрейдің объектісі болса, онда үрей объектінің ішінде болады деген сөз. Уайым кезінде адамның ойы әртүрлі объектілер арасында қозғалып отырады. Басқаша айтқанда, уайым объектілерге «жабысып» алады. Үрей мен уайым арасындағы қозғалыс объектінің «жанынан өтіп» кетуі мүмкін.

Үрей объектінің толыққанды жоюға қатысын – үрейдің объектісіне қатысына қарағанда, әлдеқайда тереңірек. Басқаша айтқанда, үрейден үрей жапа шегеді. Фрейд үрейдің симптомдары болатынын жазады. Өзінің «Тежелу, симптом және үрей» (6) атты эссесінде Фрейд кішкентай Ганстың ісіне қайта оралады. Ганс – аттардан жаны қалмай қорқатын. Оның қорқуы – үрейінің симптомы болып саналады, алайда оның үрейінің тамыры тереңде – Ганс піштіруден қорқады. Ганс өзінің үрейін аттардан алыс жүру арқылы жеңе алады, бірақ әкесінен қорыққаны сонша, онымен ешқандай күресе алмайды.

Біз нәсілшілдік тілі үрейді бекіте түседі деп білеміз. Франц Фанонның «Қара түсті тері, ақ түсті бетперде» атты еңбегінен цитатаны келтірейік: «Менің тәнім маған әбден бұзылып қайта оралды. Әбден тозған, боялған, қара түсті киім киіп, әппақ қыстың бір күнінде оралды. Қара нәсілді адам – мақұлық, қара нәсілді адам – жаман адам, қара нәсілді адам – тәрбиесіз, қара нәсілді адам – сүйкімсіз; қара, негрдің денесі дірілдеп барады, себебі дала суық. Кішкентай бала да дірілдеп тұр, өйткені ол негрден қорқып жатыр. Баланың дірілдеу себебі – негр оны көріп қатты ашудан дірілдеп кетті деп ойлап отыр. Ақ нәсілді кішкентай бала анасының құшағына тығылды: «Анашым, негр мені жеп қойғысы келіп тұр», – деп жылайды» (7).

Мұнда үрей – суықпен сәйкестендіріліп тұр: ол адамның денесін дірілдетіп жатыр. Үрей адамның денесіне бойлап, содан кейін денелерді бір-біріне жақындатады. Үрей ақ пен қараны ажырату үшін жұмыс жасауда. Ақ нәсілді бала қара нәсілді адамның дірілін дұрыс түсінбей отыр, демек оны өзінің үрейіне «негіз» етіп алған. Басқаша айтқанда, «басқалар» – дұрыс түсіндірілмегендіктен немесе дұрыс қабылдамағандықтан, үрей ретінде қабылданып тұр. Бұл



дегеніміз – үрей ақ нәсілді тәннен туындайды дегенді білдірмейді. Керісінше, үрей тарихтың өткенін ашып, ақ нәсілдіні қара нәсілдіден ажыратып тұр.

Айта кететін жайт – үрей тәндер арасындағы арақашықтықты қайта қалпына келтіреді. Бірақ бұл жерде үрейдің объектісі – қара нәсілді адам ба, жоқ па, белгісіз. Үрей субъектіден туындамайды әрі объектінің ішінде орналаспайды: біз басқалардан үрей тудырғаны үшін қорқамыз. Үрей белгілерінің салдарынан қара – қорқыныш немесе үрейдің символы болып қалыптасты. Ақ нәсілді кішкентай бала үрейдің салдарынан өзін-өзі ұстап тұрған жоқ, керісінше оның үрейі артып жатыр: бала үйдің ішінде қорғанысты сезінгісі келгендей, анасының құшағына тығылып жатыр. Қара нәсілді субъект – ақ нәсілді кішкентай баланың үрейінің «салдарынан» қорқып тұр. Өзін-өзі ұстау – тәндер арасындағы қозғалыстың нәтижесі болып табылады. Өзін-өзі ұстау, яғни сабырлылық – шартты түрде: қара нәсілді адам – үрейдің объектісі, сондықтан «жай ғана өтіп кетсін». Оның жанынан өтуі таңбалар арасындағы үреймен байланысты: осы қозғалыс аффектіні тудырады.

Қара нәсілді адам – жанымыздан өтіп бара жатып та, қауіпті деп есептеледі: ал жақындағанда, зиян келтіруі мүмкін. Сонда үрей экономикасы басқалардың тәнін ұстап тұру үшін жұмыс жасайды. Бұл жерде үрей – аффективті экономика ретінде танылады, себебі объектіге бағытталған болып саналады.

Келесі дәрісте біз Сара Ахмедтің үрейдің жаһандық экономикасы туралы сөз ететін боламыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Аффективті экономика әлеуметтік және материалды құбылыстар ретінде қарастырудың себебі неде?
2. Эмоция жағдаятты (оқиғаны) қалай туындата алады? Үрей қозғалыс пен кеңістікті бір субъектілер үшін шектеп, басқалары үшін қалай кеңейтеді?

Әдебиеттер

1. Freud Sigmund. The Unconscious. – London: Hogarth, 1964.
2. Marx Karl. Capital: A Critique of Political Economy. – Harmondsworth: Penguin, 1976.
3. Laplanche Jean, Pontalis Jean-Bernard. The Language of Psychoanalysis. – London: Karnac, 1992.
4. Butler Judith. Bodies That Matter: On the Discursive Limits of «Sex». – New York: Routledge, 1993.
5. Heidegger Martin. Being and Time. – London: SCM Press, 1962.
6. Freud Sigmund. Inhibitions, Symptoms, and Anxiety. – London: Hogarth, 1964.
7. Fanon Frantz. Black Skin, White Masks. – London: Pluto, 1986.